БЕКІТЕМІН
«Қ.Құлажанов ат.ҚазТБУ» ректоры
_____ Л.К. Байболова
«06» 2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ ЖӘНЕ БОС БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН БЕРУ ЕРЕЖЕСІ
ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-08

КЕЛІСІЛДІ
АС жөніндегі проректор
_____ Э.Б. Аскарбеков
«18» 06 2025 ж.

Астана, 2025

Алғы сөз

Осы Ережені «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Тіркеу кеңсесі әзірледі.

Осы Ереже Ректордың титул парағында жеке қолымен бекітіледі.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ барлық ҚБ үшін олардың СМЖ-мен байланысты қызметі бөлігінде міндетті болып табылады.

Осы Ережеге мерзімді тексеруді Тіркеу кеңсесінің жетекшісі 3 жылдан аспайтын аралықта жүргізеді.

Құжатталған ақпаратты басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыруға және үйлестіруге оқу процесіне қатысты құрылымдық бөлімшелер жауапты болады.

ПР 105-13.06-2022, 2024 жылғы 29 ақпандағы 2-редакциядағы нұсқасы ауыстырылып енгізілді.

Мазмұны

Алғы сөз 2
1 Құжаттың атауы 4
2 Құжат дайындаушы 4
3 Құжатты дайындау мақсаты 4
4 Құжаттық сілтемелер 4
5 Атаулар мен анықтамалар 5
6 Қолданылған қысқартулар 6
7 Жалпы ережелер 7
8 Өтінімдерді қабылдау тәртібі 7
9 Өтінімдерді қарау тәртібі 7
10 Бос гранттарды беру 7
11 Тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-әрекеттер 8
12 Жауапкершілік және өкілеттіктер 8
13 Құпиялылық 9
Бос білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға арналған өтініш нысаны
Н. ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-08-01 10
14 Келісу парағы 11
15 Танысу парағы 11
15 Өзгерістерді тіркеу парағы 12
16 Периодты тексеруді есепке алу парағы 12

1 ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 Студенттердің өтініштерін қарау және бос білім беру гранттарын беру ережесі ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-08.

2 ҚҰЖАТ ДАЙЫНДАУШЫ

Тіркеу кеңсесі.

3 ҚҰЖАТТЫ ДАЙЫНДАУ МАҚСАТЫ

3.1 Өтініштерді қарау және бос білім беру гранттарын беру мәселелерін реттейтін бірыңғай талаптарды «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметіне орнату.

4 ҚҰЖАТТЫҚ СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 МС ISO 9001: 2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

4.2 МС ISO 9000: 2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

4.3 МС ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі.

4.4 «Білім туралы» ҚР Заңы 27 шілде 2007 жыл №319-III (15.04.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен).

4.5 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы (03.01.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.6 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы заңы (24.06.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.7 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы (22.04.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.8 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы (26.07.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.9 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (26.03.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.10 «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы (21.05.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.11 «Жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы (05.01.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.12 «Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы N 613 бұйрығы (31.03.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.13 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы №174 бұйрығы.

4.14 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы (21.07.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.15 «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 бірлескен бұйрығы.

4.16 «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығы.

5 АТАУЛАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтамалар
Академиялық кезең	Білім беру ұйымының мына үш форманың бірімен, өз бетінше бекіткен теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, квартал.
Бос білім беру гранттары	Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босатылған бос білім беру гранттары
Жеке оқу жоспары	Типтік оқу жоспары және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық	Сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық
Кредиттік оқыту технологиясы	Білім беру траекториясын таңдау және кредиттер түрінде игерілген оқу материалының көлемін есепке алу негізінде өздігінен білім алу және білімді шығармашылық игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім беру технологиясы.
Тіркеу кеңсесі	Білім алушының оқудағы жетістіктерін, оқу үрдісіндегі алған білім деңгейін бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастырушы және академиялық рейтингті есептейтін тұлға.
Пререквизиты (Prerequisite)	Оқытылатын пәнді меңгеруге қажетті білім мен дағдылары бар пәндер тізбесі.
Білім алушыларды аралық аттестаттау	Білім алушылардың сабақты игеруіне байланысты алған білімін бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.
Оқу жұмыс жоспары	Мамандықтың үлгілік оқу жоспары және білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде білім беру ұйымдарымен әзірленетін құжат.
Процесс тәуекелдері	Процеске теріс әсер етуі және оның тиімділігін төмендетуі мүмкін әрекеттер, оқиғалар немесе жағдайлар, сондай-ақ анықталған тәуекелдердің туындауын азайтуға бағытталған алдын алу шаралары
Үлгерімнің орташа балл (Grade Point Average -	Таңдалған бағдарлама бойынша білім алушының бір оқу жылындағы оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшемді бағасы

GPA)	(ағымдағы оқу кезеңіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттауды бағалау баллдарының сандық эквивалентіндегі кредиттер сомасының қатынасы).
Студенттер	Білім беру ұйымдарында жоғары кәсіптік білім бағдарламасы бойынша білім алушылар.
Сапа менеджменті жүйесі	Сапаға бағытталған менеджмент жүйесінің бір бөлігі.
Білім алушылардың үлгерімін ағымды бақылау	Академиялық кезең ішінде сабақ кестесіне сәйкес аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда оқытушымен жүргізілетін кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес студенттердің білімін жүйелі тексеру.
Транскрипт	Білімді бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша кредиттер мен бағалары көрсетілген тиісті оқу кезеңінде өткен пәндердің тізбесін қамтитын құжат.
Емтихан сессиясы	Жоғары оқу орындарында студенттерді аралық аттестаттау кезеңі

6 ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқартулар	Толық атауы
Университет	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» Акционерлік қоғамы
ҒЖБМ	Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ААЖ	Автоматтандырылған ақпараттық жүйесі
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
ҚБ	Құрылымдық бөлімшелер
АС	Академиялық сұрақтар
ІӘРЕ	Іс-әрекет реті туралы ереже
ЖООК	ЖОО компоненті (пән)
МжБС	Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты
БЖОЖ	Білім алушының жеке оқу жоспары
Осы Ережелер	«Білім алушыларды пәндерге тіркеу ережелері ҚазТБУ-ТК-ІТЕ-8.3/8.1-2025-07
КОТ	Кредиттік оқыту технологиясы
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ТК	Таңдау компоненті (пәні)
ТК	Тіркеу кеңсесі
ББ	Білім беру бағдарламасы
МК	Міндетті компонент
ОЖЖ	Оқу жұмыс жоспары
ҮОҚ	Үлгілік оқу жоспары
ББББ	Білім беру бағдарламаларының басқармасы
СҚжАБ	Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу басқармасы
ОӘЖ	Оқу-әдістемелік жұмыс
ЖҚБ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру басқармасы
АТБ	Ақпараттық технологиялар басқармасы
ҒК	Ғылыми Кеңес

7 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған білім беру гранттары, білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ақылы негізде білім алушыларға ҚР Білім туралы Заңның 4-бабының 5) тармақшасына сәйкес конкурстық негізде беріледі.

7.2 Бос гранттар саны көрсетілген ашық конкурс туралы хабарландыру «Қ.Құлажанов ат. ҚазТБУ» АҚ https://www.kaztbu.edu.kz/ru сайтында алдын ала орналастырылады және үнемі жаңартылып отырады.

7.3 Жоғары білім алу және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарын беру жазғы және қысқы каникул кезеңінде конкурстық негізде мамандықтар бойынша университеттегі бос орындарға жүзеге асырылады.

7.4 Ақылы негізде оқитын және оқудың барлық кезеңінде оң баға алған кез келген студент бос білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтінім беруге құқылы (Н. ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-08-01).

7.5 FX, F «қанағаттанарлықсыз» бағалары бар студенттер бос білім беру грантына үміткер бола алмайды.

7.6 Конкурс оқудың барлық кезеңіне орташа GPA негізінде аралық аттестаттау нәтижелері бойынша өткізіледі және сертификат беріледі.

8 ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

8.1 Ақылы негізде білім алушы бос білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін тиісті деканатқа өтініш береді.

8.2 Өтініштер емтихан сессияларының нәтижелері бойынша келесі мерзімдерде қабылданады: қысқы емтихан сессиясы – 20 қаңтарға дейін, жазғы емтихан сессиясы – 1 тамызға дейін.

9 ӨТІНІМДЕРДІ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

9.1 Келіп түскен өтініштер «Қ.Құлажанов ат. ҚазТБУ» АҚ Ғылыми кеңесінің отырысында қаралады.

9.2 Үміткерлерді іріктеу орташа GPA негізінде аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

9.3 Бірдей GPA жағдайында тек A, A- («өте жақсы»), содан кейін B+, B, B-, C+ («жақсы») бағалары бар студенттер басымдыққа, содан кейін аралас бағалары барлар ие бола алады.

9.4 «Қ.Құлажанов ат. ҚазТБУ» АҚ ҒК шешімі негізінде шешім қабылдау үшін ағымдағы жылдың 5 тамызы мен 25 қаңтарына дейін білім беру саласындағы уәкілетті органға бос білім беру гранттарына ауысуға үміткерлердің тізімін жібереді.

9.5 Тізімге білім алушы өтінішінің көшірмесі, ғылыми кеңестің шешімі, білім алушының транскрипті, білім алушыны қабылдау туралы бұйрықтан үзінді, оның жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі және шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (төлнұсқа) мен оны «Қ.Құлажанов ат. ҚазТБУ» АҚ-нан оқудан шығару туралы бұйрықтан үзінді қоса беріледі.

9.6 Бос білім беру грантын тағайындауға үміткерлер болмаған жағдайда, мемлекеттік білім беру гранты ҚР ҒЖБМ қайтарылады.

10 БОС ГРАНТТАРДЫ БЕРУ

10.1 ҚР ҒЖБМ келіп түскен құжаттарды оқуға қабылдау жылын ескере отырып, БББ топтары, нысандары мен оқу мерзімдері бойынша қарайды және оң шешім болған жағдайда білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады.

10.2 Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығы негізінде Ұлттық тестілеу орталығы білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті рәсімдейді және мәліметтерді үш жұмыс күні ішінде «Қ.Құлажанов ат. ҚазТБУ» АҚ-на береді.

10.3 ҚР ҒЖБМ оқу үдерісінде босатылған бос гранттарды тағайындау туралы бұйрығы

және білім беру грантын тағайындау туралы куәлік негізінде «Қ.Құлажанов ат. ҚазТБУ» АҚ білім беру гранты бойынша оқуын жалғастыру үшін бұйрық шығарады.

11 ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕР

11.1 Тәуекелдер:	11.2 Тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-қимылдар:
• бос грантқа ауысқаннан кейін мемлекеттік білім беру грантын беруден бас тарту; • құжатталған ақпаратты ресімдеудің сәйкес келмеуі (өтінішті студент жазбаған). • ББББ топтары бойынша бос білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға үміткерлердің болмауы • сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін жасыру (пара алу). • ақпаратты кеш алу қаупі • құжатталған ақпараттың сәйкессіздігін анықтау	• бос грантқа ауысу туралы өтініште тілек білдірген әрбір студентпен жеке әңгімелесу; • студенттің қолымен жазылған өтінішті қабылдау, өтінішті тіркеу. • сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүзеге асырудағы табыстар туралы жедел хабарлау. • қызметкерлерді әзірленген құжатталған ақпаратпен таныстыру • уақтылы тарату, мүдделі тұлғалардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, өзгерістерді бақылау, құпиялылық сақтау.

12 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

12.1 «Қ.Құлажанов ат. ҚазТБУ» АҚ лауазымды тұлғаларының және ҚБ жұмыстары мен іс-шараларды орындау жауапкершілігі мен өкілеттіктерін бөлу кестеде келтірілген:

Бөлім	Өкілеттілік
АС жөніндегі проректор	• процесті басқару; • заңнаманың, нормативтік-құқықтық актілердің сақталуын бақылау; • осы Ереженің талаптарының орындалуын бақылау.
ТК	• құжатталған ақпаратты өзектендіру; • бақылау даналарын тіркеу, ескі құжаттарды алып тастау; • ТК СМЖ құжатталған ақпаратын мұрағаттау • өзектендірілген құжатталған ақпараттың қолданылуын бақылауды жүзеге асыру; • барлық өтініш берушілер үшін құжаттарды жинау және дайындау. • өтініштерді қарау (Н. ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-08-01).
ББСМБ	• құжатталған ақпараттың сапа саласындағы стандарттар талаптарына сәйкестігін тексеру; • осы Ереженің жаңа нұсқаларын әзірлеу кезінде кеңестік қызмет көрсету.
Білім алушылар	• осы Ережелердің тек қана жаңартылған нұсқаларын қолдану; • бос білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтінім береді (Н. ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-08-01). • академиялық адалдық принциптерін сақтау.
АТБ	• бағдарламалық өнімге техникалық қолдау көрсету
Факультет	• студенттер мен мүдделі тараптарды ақпараттандыру және кеңес беру.
ҒК	• бос гранттар беруді қарастыру және сол бойынша ұсыныстар жасау.

13 ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

13.1 Бұл Ереже «Қ.Құлажанов ат. ҚазТБУ»АҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және Университет ректорының рұқсатымен сертификаттау аудиті кезінде сертификаттау органдарының сарапшыларынан, тұтынушы-серіктестерден басқа тұлғаларға берілмейді.

Н. ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-08-01

Бос білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға арналған өтініш нысаны

«Қ.Құлажанов ат. ҚазТБУ» АҚ ректоры

_____

____ курс студентінен

БББ_____

ақылы негізіндегі студент

_____

Толық аты-жөні

Тел.:.....

Өтініш

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі м.а. бұйрығымен бекітілген Білім гранттарын тағайындау қағидаларына сәйкес жоғары білім алу процесінде босатылатын бос білім беру гранттарына білім беру бағдарламалары тобы бойынша бос білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуыма рұқсат беруіңізді сұраймын_____

БББ_____,

Мен GPA баллымды ашық қолжетімді доменде жариялануына келісемімді беремін.

Күні

Қолы

Н.СҚжАБ-7.5-2025-05-02 (міндетті)

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
АС жөніндегі проректор	Асқарбеков Э.Б.	18.06.2025	
СЖҚІҚҚЕ жетекшісі	Зайнутдинов А.А.	18.06.2025	
СҚжАБ жетекшісі	Нурбаева М.З.	18.06.2025	
ТК жетекшісі	Сафуани Ж.Е.	18.06.2025	
БББББ жетекшісі	Баядилова Б.М.	18.06.2025	
АТБ жетекшісі	Айтмаганбетов А.Л.	18.06.2025	

Н.СҚжАБ-7.5-2025-05-03 (міндетті)

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы

Н.СҚжАБ-7.5-2025-05-04 (міндетті)

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгеріс номері	Өзгеріс жайында хабарлау номері	Номер листов (страниц)				Барлық беті (өзгерістен кейін)	Енгізу күні	Өзгерісті енгізген тұлғаның аты-жөні	Өзгерісті енгізген тұлғаның қолы
		өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған				

Н.СҚжАБ-7.5-2025-05-05 (міндетті)

ПЕРИОДТЫ ТЕКСЕРУДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеруді жүргізген тұлғаның аты-жөні	Тексеруді жүргізген тұлғаның қолы	Ескертулердің тұжырымдамасы